

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" 2007 жылғы 25 маусымдағы № 177 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 183 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 9 ақпанда № 6771 тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) **Басқармасы** **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының «Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» 2007 жылғы 25 маусымдағы № 177 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4860 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспедегі «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңының» деген сөздер алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

кіріспедегі «және «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң)» деген сөздер алып тасталсын;

1 - т а р м а қ т а :

4) тармақшадағы «және Заңның 8-1-бабының 8-тармағының 2) және 4) тармақшаларында», «және Заңның 8-1-бабының 5-тармағында» деген сөздер мен цифрлар алып тасталсын;

9) тармақшадағы «және Заңның 8-1-бабының 5-тармағында» деген сөздер мен цифрлар алып тасталсын;

2-тармақтағы «және Заңның 8-1-бабының 8-тармағының 1), 3) және 5) тармақшаларында» деген сөздер мен цифрлар алып тасталсын;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігіндегі «және Заңның 8-1-бабының 5-тармағының 1) тармақшасында» деген сөздер мен цифрлар алып тасталсын;
екінші бөлігіндегі «және Заңның 8-3-бабымен» деген сөздер мен цифрлар алып т а с т а л с ы н ;

4-тармақтағы «және Заңның 8-1-бабының 5-тармағында» деген сөздер мен цифрлар а л ы п т а с т а л с ы н ;

5-тармақтағы «және Заңның 8-1-бабының 8-тармағында» деген сөздер мен цифрлар а л ы п т а с т а л с ы н ;

8 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

10-1-тармақтағы «және Заңның 8-1-бабының 5-тармағының 1) тармақшасында» деген сөздер мен цифрлар алып тасталсын;

11-тармақтағы «Заңның 8-1-бабының 5-тармағының 1) тармақшасында» деген сөздер мен цифрлар «Сақтандыру туралы Заңының 80-бабының 3-тармағында» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

11 - 1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «Заңның 8-1-бабының 5-тармағының 1) тармақшасында» деген сөздер мен цифрлар «Сақтандыру қызметі туралы Заңының 80-бабының 3-тармағында» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Міндетті сақтандыру туралы Заң) сәйкес көлік құралының типі;»;

13-тармақтың бірінші бөлігіндегі:

бірінші абзацтағы «және Заңда» деген сөздер алып тасталсын;

1) тармақшадағы «және Заңның 8-2-бабының 2-тармағында» деген сөздер мен ц и ф р л а р а л ы п т а с т а л с ы н ;

2) тармақшадағы «және Заңда» деген сөздер алып тасталсын;

15-тармақтағы «және Заңның 8-1-бабының 8-тармағында» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

18 - т а р м а қ т а :

«Заңның 8-1-бабының 8-тармағының 2) тармақшасында» деген сөздер мен цифрлар «Сақтандыру қызметі туралы Заңының 80-бабының 3-тармағының 1) тармақшасында» деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын;

«Заңның 19-бабының» деген сөздер мен цифрлар «Міндетті сақтандыру туралы Заңының 19-бабының» деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

«26-1. Ұйым осы ақпарат жеткізушілермен және сақтандыру есепті алушылармен деректермен алмасуды бөлінген байланыс арналары немесе Интернет ресурстар

арқылы мынадай шарттар орындалған кезде жүзеге асырады:

1) секундына 10 (он) мегабиттен кем емес өткізу қабілеті бар негізгі арнаның болуы ;

2) секундына 2 (екі) мегабиттен кем емес өткізу қабілеті бар сымсыз резервтік а р н а н ы ң б о л у ы ;

3) әртүрлі провайдерлер арналарын пайдалану;

4) арналарды тек ақпарат жеткізушілермен және сақтандыру есептерін алушылармен ақпарат алмасу үшін ғана пайдалану.»;

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«39. Пайдаланушыларды бірдейлестіру және деректерді беру кезінде ақпаратты қорғау үшін пайдаланылатын алгоритмдер Қазақстан Республикасының ҚР СТ 1073-2002 «Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары. Жалпы техникалық талаптар» мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес сертификатталады.»;

55-тармақтағы «Қорғау жүйесінің» деген сөздер «Пайдаланушының» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«56. Қол жетімділігі шектеулі сақтандыру есептеріне қол жетімділігі бар пайдаланушының жұмыс орны орналасқан жер мен үй-жайды күзету құралдары пайдаланушының жұмыс орнына жіберілмеген адамдардың осы үй жайға бақылаусыз кіру мүмкіндігін болдырмауы тиіс.»;

58-тармақтағы «және пайдаланушының», «(кіруге рұқсатты бақылау) пайдаланушының жұмыс орнына жіберілмеген адамдардың» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

60 - т а р м а қ т а :

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Аппараттық желіаралық «FireWall» экрандар арқылы ғаламдық Интернет желісіне қосылған ақпараттық ресурстардың қорғалуын қамтамасыз етеді;

6) басып кірулерді анықтау жүйесін (IDS) де, басып кіруді болдырмау жүйесін (IPS(IDPS)) де қиыстыратын аппараттық құралдардың көмегімен төнген қауіпті тойтару және бұзушыларды анықтау бойынша шаралар қабылдайды.»;

8) тармақшада «.» деген тысы белгісі «;» деген тыныс белгісімен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) вирусқа қарсы алдын алу жұмыстарын үнемі жүргізеді.»;

63 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

67-тармақтағы «Заңның 8-1-бабының 5-тармағының 1) тармақшасында», «Заңмен» деген сөздер мен цифрлар алып тасталсын;

2-қосымшадағы бүкіл мәтін бойынша «және Заңның 8-1-бабының 5-тармағының 1) тармақшасында» деген сөздер мен цифрлар алып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелген күнінен бастап он төрт күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған қатынастарға қолданылады.

3. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті (Д. Ш. Қарақұлова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелерінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы», «Атамекен» одағы» Қазақстанның Ұлттық экономикалық палатасы» заңды тұлғалар бірлестіктеріне және «Актуарлық статистикалық бюро» ЖШС-тың назарына жеткізсін.

4. Агенттіктің Төрайым Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова